ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 мамыр № 5265-24-00-2/1046 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.А.Майсақанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Гульмира Бурахан қызы Толенгутова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер 2024 жылғы 16 ақпандағы мемлекеттік сатып алу туралы №36 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауарларды жеткізбеген.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден мемлекеттің пайдасына тауар жеткізбегені үшін есептелген 2 912 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 933 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Гульмира Бурахан қызы Толенгутова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Гульмира Бурахан қызы Толенгутовадан мемлекеттің пайдасына 2 912 (екі мың тоғыз жүз он екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 933 (бір мың тоғыз жүз отыз үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 17.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 01.07.2024
5265-24-3-1/1086

қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **М.А.Майсақанов**

Құжатқа қол қойылған: Майсақанов М. А., 17.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 01.07.2024

5265-24-3-1/1086